ЖАУАПКЕРШІЛІГІ
ШЕКТЕУЛІ
СЕРІКТЕСТІК

ТОВАРИЩЕСТВО
С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ

« Қ Ұ Р Ы Л Ы С »

Юридический адрес: ЮКО, Байдибекский район, с.Жамбыл, ул.Ж.Кертайулы, д.12
Фактический адрес: ЮКО, г. Шымкент жилой массив Тассай, квартал 226,026,
Факс: (8-7252) 57-14-10, тел. 51-84-91, , эл/ почта «kyrilis@mail.ru»
Филиал АО «Нурбанк» г.Шымкент ИИК KZ9384906KZ005444799,
БИК NURSKZKX, БИН 971040001368, код №17

исх.№ 42 «02» 04 2019 г.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі комитетінің басшысына

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министірлігі Су ресурстары комитетінің "Қазсушар" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорын мемлекеттік сатып алулар бойынша электрондық конкурс өткізуіне

ШАҒЫМ

2019 жылы 26 наурыз айында **ОҚО, Созақ ауданы Қарағұр ауылдық округіндегі 300 га жердің жабық суару жүйесінің жұмыс қабілетін қалпына келтірумен Таушаға су қоймасын реконструкциялау** ұйымдастырушы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министірлігі Су ресурстары комитетінің "Қазсушар" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорын мемлекеттік сатып алу веб-порталында №3064463-ОК1 санды қортынды хаттамасын жариялады. Аталған конкурстың жұмыстардың көрсетілетін қызметтердің атауы Суару жүйелерін (каналдарды) жөндеу / реконструкциялау бойынша жұмыстар болып табылады.

Жарияланған қорытынды хаттама бойынша конкурстық комиссия мүшелері «Гидро құрылыс» ЖШС-н 4,8 жылдық жұмыс тәжірибесін және «Құрылыс» ЖШС-на 3 жылдық жұмыс тәжірибесін есептеп жеңімпаз деп танылған.

«Құрылыс» ЖШС-ның біліктілігі туралы мәліметінде **3,5 жыл** тәжірибесі бар екендігіне сенімдіміз. Атап айтатын болсақ;

- 2009 жылы ОҚО, Арыс ауданында, Сырдария өзенінде Көксарайда су қоймасында қарсы реттегіш құрылыс жұмыстары жүргізілген 20.09.2009 жылғы қабылдау актісінде көрсетілген **(0,5 балл)**, *(Противопаводковый Коксарайский контррегулятор на р.Сырдарья ЮКО с ПК 375 по ПК 380)*.
- 2011 жылы ОҚО Мактарал ауданы Шардара су қоймасынан суармалы жерлерге су беру машинасы құрылыс жұмыстары жүргізілген 21.10.2011 жылы қабылдау актісінде көрсетілген **(1 балл)**, *(Машинная водоподача из Шардаринского водохранилища на орощаемые земли Мактаральского района ЮКО РК.)*.
- 2014 жылы ОҚО Мактарал ауданы Шардара су қоймасынан суармалы жерлерге су беру машинасы құрылыс жұмыстары жүргізілген 2014 жылғы қабылдап алу актісінде көрсетілген **(1 балл)**, *(«Машинная водоподача из Шардаринского водохранилища на орощаемые земли Мактаральского района ЮКО, Реконструкция - защитные мероприятия)*.
- 2016 жылы ОҚО, Бәйдібек ауданы, Жамбыл ауылында, Шаян өзенінде, Жамбыл су қоймасының құрылыс жұмыстары 27.10.2016 жылғы қабылдау актісінде көрсетілген **(1 балл)**, *(Строительство водохранилища «Жамбыл» на реке Шаян для водоснабжения орошаемых земель площадью 1250 га, в с/о Жамбыл района Байдибек ЮКО)*.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңын пайдалана отырып өтініш беруші басқа өтініш берушілердің веб-порталға ілген құжаттарын қарау барысында келесі кемшіліктер анықталды.

27.03.2018 жылы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министірлігі Су ресурстары комитетінің "Қазсушар" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша филиалының ұйымдастыруымен, Инвестициялық бағдарламаның есебінен магистральді және ішкі шаруашылық каналдарын қайта жаңарту жұмыстарын сатып алу деп қойған. Алайда, сметалық есептеуде Оңтүстік Қазақстан облысы, Шардара ауданы, 2018 жылға СКК және ҚМК арналарын **ағымдағы жөндеу** (**Текущий ремонт** каналов ШМК и КМК на 2018 год Шардаринского участка,ЮКО) деп көрсеткен. Электрондық порталда 9956103-ОКЗ санды лотта **демпингтің белгісі: демпингсіз жұмыс** деп көрсеткен, яғни бұл орайда ТЭО және ЖСҚ қажет етпейтіндігінің белгілері, себебі бұл құрылыс жұмыстары ағымдағы жөндеу болып табылады. Бұнымен қоса, Хабарламалар нысандарын және Мемлекеттік органдардың хабарламаларды қабылдау қағидаларын бекіту туралы, сондай-ақ хабарламаларды қабылдауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды айқындау туралы қағидасына орай реконструкциялау құрылыс-монтаждау жұмыстарының басталғаны туралы хабарламасын Жергілікті атқарушы органға жіберілмеген. Яғни, бұл орайда соғылған нысанның жүйелік мақсаты ағымдағы жөндеуге жатқызылады. Біліктілік туралы мәліметтің ескертуінің 7 тармағында Егер конкурстың нысанасы кеңейту, жаңғырту, техникалық қайта жасақтау және **реконструкциялау** болып табылған жағдайда, онда күрделі жөндеуді қоспағанда, жаңа объектілерді салу, кеңейту, жаңғырту, техникалық қайта жасақтау және қолданыста бар объектілерді реконструкциялау жұмысының тәжірибесі ескеріледі делінген. Ал, Комиссия мүшелері жоғарыда аталған **ағамдағы жөндеуден** өткен құрылыс нысанын реконструкциялауға жатқызып, заңсыз қосып жұмыс тәжірибесіне есептеп отыр.

Құрылыс саласындағы құрылыс салуды ұйымдастыру және рұқсат беру рәсімдерінен өту қағидаларының 6 тарауы 79 тараушасында Объектіні пайдалануға қабылдау актісін бекітпей объектіні пайдалануға қабылдауға жол берілмейді делінген. Сондай-ақ осы заңның 80 тараушасында Жергілікті атқарушы органның сәулет және қала құрылысы саласында функцияларды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесінде есепке алынған объектіні пайдалануға қабылдау актісі жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органда объектіні тіркеу үшін негіз болып табылады, екендігін көрсеткен. Осындай бекітіліп, Жергілікті атқарушы органның мөрі басылмаған және тіркелмеген объектіні пайдалануға қабылдап алу актілері бар. Нақтырақ айтатын болсақ:

- 05.11.2010 жылғы ОҚО, Отырар ауданының Арыс өзеніндегі Шәуілдір су алатын торабын қайта құру объектісі;
- 05.11.2010 жылғы ОҚО, Созақ ауданындағы, Біресек қаналын қайта құру объектісі;
- 2014 жылғы ОҚО, Созақ ауданы Бірексек каналын Р-2 Р-2-1 Р-3 және Р-4 таратқыш каналдарын қайта құру;
- 24.10.2017 жылғы ОҚО Түркістан ауданындағы Жаңақорғанөзек өзеніндегі тығыз су қоймасы бар Сасық Бұлақ су қоймасының бас қабылдау құрылғысын қайта құру;
- 09.10.2018 жылғы ОҚО Шардара ауданының 2018 жылға қарай ҚТК мен ҚМК арналарын қайта құру;

Жоғарыда ұсынылған құжаттар мемлекеттік сатып алу заңының 2 бабында көрсетілгендей **анық емес ақпарат** – әлеуетті өнім берушінің конкурсқа (аукционға) қатысуға арналған өтінімінде қамтылған, сол сияқты әлеуетті өнім берушінің берілген өтінімінің шынайы мазмұнын бұрмалайтын және шындығына сәйкес келмейтін түзетулер арқылы енгізілген жалған мәліметтер болып табылады. Сонымен қатар осы заңының 11 бабында біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша анық емес ақпарат берген әлеуетті өнім берушілер немесе өнім берушілер осы Заңда белгіленген тәртіппен мемлекеттік сатып алуға **жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізіледі.** Осы баптың 3 тармақшасында Әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша **анық емес ақпаратты** беру фактісін анықтаған уәкілетті орган не мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары

осындай факт анықталған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей бұл жөнінде: 1) егер мұндай факт **мемлекеттік сатып алу қорытындылары шығарылғаннан кейін анықталған болса**, тапсырыс берушіге жолдайды. Бұл анық емес ақпараттарды қолдану арқылы өзінің біліктілік туралы мәліметінде жұмыс тәжірибесін көтеру мақсатында жасалған.

Негізінде, Конкурстық комиссия өнім беруші «Гидро құрылыс» ЖШС-ның жылдық жұмыс тәжірибесін 1,5 жыл есептеу қажет болатын. Осындай іс әрекеттерімен Тапсырыс беруші, өзіне ыңғайлы өнім берушіні сүйреу әдісін пайдаланылған күйде алға тартып, біздің заңдық құқықтармызды бұзып отыр.

Мемлекеттік сатып алу туралы заңының 47 бабы Тапсырыс берушінің, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының, мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушының, комиссиялардың, сарапшының, мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператордың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне шағым жасай алады делінген.

Осы заңның 18 бабы 1 тармағында Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының сақталуын бақылауды уәкілетті орган жүзеге асырады. Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының сақталуын бақылауды "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген өкілеттіктер шегінде жүзеге асырады.

Мемлекеттік заңының 24 бабының 5 тармағында Конкурсқа қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткеннен кейін конкурсқа қатысуға өтінімге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуге, сол сияқты оны қайтарып алуға жол берілмейді делінген, осы заңның талаптырын орындалуына мұқият мән берулеріңізді сұрай отыра:

Жоғарыда аталған мәліметтер негізінде сізден

- **Конкурстық комиссиясының шешімінің заңдылығын және жоғарыда көрсетілген конкурстың қорытындылары туралы хаттаманы жедел тексеруді;**
- **26.03.2019 жылғы №3064463-ОК1 санды қорытынды хаттамада «Гидро құрылыс» ЖШС-нің ұсынылған құжаттарын, конкурстық құжаттаманың талаптарына сай емес деп тануды.**

Осы шағымды заңнамада белгіленген тәртіппен қарап сұраймын, әйтпесе өзіңіздің әрекеттеріңізді (әрекетсіздіктеріңізді) жоғары тұрған органдарға, сот органдарына және прокуратураға шағымдану құқығын қалдырамын.

«Құрылыс» ЖШС-ның директоры **Тұрлыбек Қ.А.**